QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №29 (2031) 13 ШІЛДЕ 2026 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың үстіміздегі жылдың 19 наурызында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келген сапары оқу орны үшін аса маңызды әрі тарихи оқиға болды. Өйткені Мемлекет басшысы зерттеу университеттерін еліміздің ғылыми-технологиялық дамуы мен жаңғыруының басты қозғаушы күштерінің бірі ретінде айқындады.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Инновациялық даму – ел болашағы

Президент өз сөзінде «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» экожүйесі біртіндеп пайда болып жатыр. Ғылым қалашықтары салынып, технология парктері және инжиниринг орталықтарының құрылысы басталды» деп атап өтіп, білім мекемелерінің нақты өндіріспен байланысы нығайып жатқанын баян етті. Сондай-ақ ғылым саласындағы қазіргі жағдай мен өзекті мәселелерге сыни тұрғыдан баға беріп, Үкімет пен ғылыми-академиялық қоғамдастыққа айрықша жауапкершілік жүктеді. Ел ғалымдарына үндеу жасап, «Қазақстанның ертеңі қандай болатыны, инновациялық және озық елге айналу мүмкіндігі сіздердің идеяларыңызға, зерттеулеріңізге, жасаған еңбектеріңіз бен ашқан ғылыми жаңалықтарыңызға тікелей байланысты. Күш-жігер біріктіріп, Қазақстанды Еуразиядағы жетекші ғылыми, технологиялық орталықтардың біріне айналдыра аламыз. Мен бұған сенімдімін» деп үлкен үміт артты.

Қазіргі сәтте ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымы 8 ғылыми-зерттеу институты, 39 ғылыми орталық және 140-тан астам зертхананы біріктіреді. 400-ге жуық ғылыми әзірлеме жүзеге асырылуда, ал 2024-2025 жылдары тартылған инвестиция көлемі 110 миллион АҚШ долларын құрайды. 50-ден астам жаңа заманауи зертхана іске қосылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ QS World University Rankings халықаралық рейтингінде 177-орында. QS Asia University Rankings 2026 беделді халықаралық рейтингінде 38-орынға ие болып, Орталық Азиядағы жетекші университет мәртебесін иеленді.

2022 жылы Бішкек, Ыстамбұл және 2024 жылы Омбы қалаларында ашылған ҚазҰУ филиалдары университеттің сыртқы байланыстарын кеңейтіп, жаһандық білім беру кеңістігіндегі орнын нығайтты. ҚазҰУ базасында 2022 жылдан бастап Ұлттық ядролық зерттеу университетінің (МИФИ) филиалы ядролық физика және ақпараттық қауіпсіздік салаларында білікті мамандар даярлауда. 2023 жылы ашылған Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалы электроника, материалтану және ақпараттық технологиялар бағыттары бойынша білім береді.

Университет 700-ден астам жетекші жоғары оқу орнымен тұрақты серіктестік орнатқан. Соңғы бес жылда 420 келісім мен меморандумға қол қойылып, 60-тан астам қосдипломдық бағдарлама іске қосылды. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да дүние жүзінің 54 елінен келген 7 мыңнан астам шетелдік студент білім алуда.

2024 жылы экономиканың нақты секторына ғылыми әзірлемелерді енгізуге арналған Farabi Hub инновациялық өнімдер және жоғары технологиялық жобалар орталығы бой көтерді. Аумағы – 5000 шаршы метр. Пайдаланылмай тұрған ескі автотұрақ ғимаратына 20,55 млн доллар инвестиция тартылып, күрделі жөндеуден өтті. ZTE, Huawei, Samsung, NVIDIA, Ericsson корпорациясы, CNPS ұйымымен (Франция) және басқа Қытай, Сингапур, Германияның жетекші мекемелерімен әріптестік орнатып, креативті индустрия, жасанды интеллект және стартаптар саласында бірқатар жоба қолға алынды.

2024 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі келісімімен өнімділігі 2000 терафлопсты құрайтын суперкомпьютер ҚазҰУ-да орнатылды. Орталық Азиядағы ең қуатты академиялық кластерге 23 миллион доллар инвестиция салынды. Архитектурасы Intel компаниясының 400-ден астам серверлік процессорын және NVIDIA компаниясының 30 серверін қамтиды. Суперкомпьютердің есептеу қуатын генетикалық зерттеулер жүргізуге, климаттық модельдеуге, машиналық оқыту алгоритмдерін әзірлеуге, үлкен деректерді (Big Data) өңдеуге пайдаланылады. Жасанды интеллект технологияларын дамытуда белсенді түрде қолданылуда. Осы бағытта «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен бірлескен жұмыс жүргізіліп жатыр. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің қолдауымен «Қазгидромет» пен Әл-Фараби атындағы



ҚазҰУ арасында ынтымақтастық орнатылды. Алматы қаласының прокуратурасымен бірлесіп қаладағы қылмыстың деңгейін болжауға арналған интеллектуалды предиктивтік жүйе әзірленді. Академик Асқар Жұмаділдаев алгебра саласындағы күрделі ғылыми есептерді шешумен айналысуда.

Бұған қосымша, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Сейсмология институтымен бірлесіп сейсмобақылаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеуге бағытталған ғылыми жоба қолға алынды. Қазақстан-Қытай бірлескен «Қашықтықтан зондтау және қолдану технологиясы» зертханасы 2024 жылы ашылып, ҚХР Ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институтынан 1,95 млн доллар қаржы тартылды. Орталық Азиядағы климаттық өзгерістерді, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы, су тапшылығын зерттейді. Бүгінгі таңда экологиялық мониторинг бойынша 76 миллион жазбаны қамтитын бірегей бірыңғай деректер базасы қалыптастырылды. 2050 жылға дейінгі климаттың өзгеруін бағалау мақсатында 60-тан астам тақырыптық карта әзірленді.

2024 жылы Қасым-Жомарт Кемелұлының ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөзі нәтижесінде ҚазҰУ мен Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университеті микроспутник арқылы ғылыми зерттеулер жүргізуді келісті. Солтүстік-Батыс политехникалық университеті ғарышқа наноспутниктерді ұшыру бойынша алдыңғы қатарда. 2025 жылы күзде ҚазҰУ мен СБПУ-дың бірлескен наноспутнигі Қытайда орбитаға шығарылды. Екі оқу орнының ғалымдары бірлесіп 6U өлшеміндегі NKSAT спутнигін ұшыруға дайындық үстінде. Бұл Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы университеттік микроспутник болмақ.

2024 жылы Қазақстан Президентінің Сингапурға жасаған сапары кезінде бірқатар сингапурлық компаниялармен ынтымақтастық орнатылды. Көп ұзамай университетімізде Қазақстан-Сингапур Кванттық технологиялар орталығы өз қызметін бастады. Бұл Орталық Азиядағы кванттық технологиялар бойынша алғашқы ғылыми мекеме. Кванттық технологияларды дамытқан елдер ақпараттық қауіпсіздік, байланыс, жаңа материалдар, тіпті медицина саласында үлкен артықшылыққа ие.

2024 жылы университет базасында Индустрия 4.0 бағытындағы инженерлік кадрларды даярлап, роботтандырылған жүйелерді сынақтан өткізуді мақсат тұтқан Farabi Robotics орталығы құрылды. Дүниежүзілік банк 1 млн доллар грант бөлді. Astana Motors Manufacturing Kazakhstan, Hyundai Trans Kazakhstan сынды ірі өнеркәсіптік компаниялармен келісімдер жасалды. Автоматтандыру және робототехника саласында Германияның KUKA өнеркәсіптік роботтары негізінде мамандар даярлауға арналған оқу бағдарламалары әзірленді.

Ал 2025 жылы Президенттің Қытай Халық Республикасына (Бейжің қаласы) жасаған сапары аясында қытайлық компаниямен Робототехника орталығын ашу туралы келісімге қол қойылды. «Цифрлық технологиялар және робототехника» халықаралық институты 600 шаршы метр аумақта орналасқан. Заманауи технологиялар мен жасанды интеллект негізінде бес инновациялық платформа құрылды. 13 интеллектуалды робот өндірістің әрбір кезеңінің өзара байланысын қамтамасыз етіп, күрделі автоматтандырылған жүйелерді меңгеруге мүмкіндік береді. Құйылған инвестиция – 3,38 млн доллар.

2026 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Aerial Solutions» ЖШС бірлесіп Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығын таныстырды. 14 млн доллар инвестиция тартылған құрылым шеңберінде отандық ұшқышсыз ұшу аппараттарының озық үлгілерін әзірлеу, заманауи оқу-өндірістік зертханалар мен сынақ алаңдарын қалыптастыру, дуалды білім беру мен сертификаттау жүйелерін енгізу көзделген. Сонымен қатар дрон технологиялары мен оларға қатысты қызметтерді ішкі және сыртқы нарыққа шығару, стартап бастамаларды қолдау және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру бағыттары қарқынды дамытылатын болады.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы мамандандырылған ғылыми-білім беру орталығы – Ми институтының жақында тұсауын кестік. Тың ізденістер 3 Тесла магниттік-резонанстық томографы, ANT Neuro жоғары тығыздықтағы ЭЭГ жүйелері, функционалдық жақын инфрақызыл спектроскопия (fNIRS) технологиялары, жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдау әдістерімен жүргізіледі. Институт когнитивтік, мінез-құлықтық, есептеу нейроғылымы және нейролингвистика зертханаларын біріктіреді. Мидың қалыпты және патологиялық дамуын зерттеу, когнитивтік функцияларды талдау, нейродегенеративті ауруларды зерделеу және болжамдық биомаркерлер әзірлеу бағытын қамтиды. Инвестиция көлемі – 5,7 млн доллар.

ҚазҰУ базасында екі жылдан бері экология мен табиғатты пайдалану саласында Тұрақты даму ғылыми орталығы, PolyU-KazNU халықаралық орталығы, ал химия-фармацевтика бағытында Farabi Chem Science кластері, Дәрілік өсімдіктер орталығы табысты еңбек етуде. CNRS ұйымымен бірлескен ZooStan орталығы археология мен палеоантропология арқылы тарихи сананы жаңғыртуға үлес қосуда.

Сонымен қатар қалашықта тұтынылатын энергияның 35 пайызын үнемдейтін күн панельдері орнатылды. Қазіргі таңда университет базасында жалпы құны 1 млрд 250 млн теңге болатын төрт ірі жоба коммерцияландырылды.

Ғылыми зертханалардың басым бөлігі 2024 жылы қара шаңырақтың 90 жылдық мерейтойына тарту етілді.

FARABI – ЖИ дәуіріндегі жетекші университет

- 30 мың студент
- 16 факультет
- 15 студенттер үйі
- 550+ білім беру бағдарламасы
- 60+ қос дипломды бағдарлама
- QS WUR – 177-орын
- QS AUR – 38-орын

2022 ЖЫЛ – «ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛДІ

- 8 ғылыми-зерттеу институты
- 39 ғылыми орталық
- 140 зертхана
- 400 ғылыми жоба

- 50 заманауи зертхана
- 110+ млн $ инвестиция





FARABI HUB

Инвестиция – **20,55 млн $**
Ауданы: **8800 шаршы метр**

- ZTE, Ericsson, «ZooStan» орталығы (Франция)
- «Қашықтықтан зондтау» қазақ-қытай зертханасы
- ҚХР СБПУ микроспутниктер зертханасы
- Орталық Азия-Германия экологиялық институты (CAGE)\






SUPERCOMPUTER CLUSTER

«Бір белдеу – бір жол» – **23 млн $**

- Әлемдегі 600 суперкомпьютердің бірі
- Есептеу өнімділігі – 2000 TFLOPS
- Архитектурасы Intel + NVIDIA
- Генетикалық деректерді өңдеу
- Қазақ тілінің моделін (LLM) әзірлеу
- Климаттық модельдеу
- ЖИ және «Big Data» шешімдерін ұсыну





FARABI ROBOTICS ОРТАЛЫҒЫ

Дүниежүзілік банк гранты – **1 млн $**

- KUKA компаниясының өнеркәсіптік роботтары
- Индустрия 4.0 үшін кадр даярлау
- Өндірісті автоматтандыру
- Ортақ келісім: «Astana Motors», «Hyundai»





ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ РОБОТОТЕХНИКА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Huibo Robotics компаниясы – **3,38 млн $**

Жалпы ауданы – 600 шаршы метр

- 13 заманауи робот
- Өндірістік, сервистік роботтармен тәжірибе
- Ақылды басқару жүйесін әзірлеу






«ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

10 зертхана, Мегагрант – **7,57 млн $**

- Батыс Қазақстанның экологиясын зерттеу
- Каспий теңізіне мониторинг жүргізу
- Ландшафт динамикасын бақылау
- Климаттық қауіп-қатерді болжау





POLYU-KAZNU: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚХР Гонконг политехникалық университеті – **1,01 млн $**

- Орталық Азияның тұрақты дамуын зерттеу
- Отандық туризм саласын жетілдіру
- Әлеуметтік талдау жүргізу





«ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ЗЕРТХАНАСЫ

ҚХР Ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институтының гранты – **1,95 млн $**

- Арал теңізін зерттеу
- Экожүйелердің деградациясын анықтау
- Құрғақшылықпен күрес
- Орал өңірінің ресурсын болжау





«FARABI CHEM SCIENCE» КЛАСТЕРІ

9 зертхана, инвестиция – **6,50 млн $**

- Литий триборат кристалын өсіру (500 г – 10 мың $)
- Литий-ионды батареялар баламасы






«ГАЛЬВАНИКАЛЫҚ ҚАПТАМАЛАР» ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ

«Ғылым қоры» – **1,99 млн $**

- Коррозияға төзімді жабындар
- Медицинаға арналған фитопрепараттар
- Гидрогельді таңғыштар
- Антибактериалды материалдар





«ZOOSTAN» АРХЕОЗООЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Франция үкіметі – **1,05 млн $**

- CNRS мекемесімен серіктестік
- Орталық Азиядағы археологиялық қазбалар
- Сүтқоректілердің жасын анықтау
- Жануар сүйектеріне протеомдық талдау





МИ ИНСТИТУТЫ

Инвестиция – **5,7 млн $**

- Когнитивтік нейроғылым
- Есептеу нейроғылымы
- Жасушалық және молекулалық нейроғылым
- Нейролингвистика
- Мінез-құлық нейроғылымы





ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Инвестиция – **4,93 млн $**


Биологиялық қоспалар:

- Вирусқа қарсы
- Иммунитетті көтеру
- Әйелдер денсаулығын дұрыстау
- Бауырды күту

Фитошайлар:

- Қан қысымын қалыпты ұстау
- Қант диабетін жою
- Асқазан жұмысын реттеу





ҚР ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНЕ ЖИ ЕНГІЗУ

Нысаналы қаржыландыру – 1,1 млн $

- Заманауи құқықтық база құру
- Заңнама сапасын арттыру
- Заңнамалық процесті оңтайландыру





ҚАЗАҚСТАН – АҚШ ЦИТОМАТРИЦАНЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Инвестиция – **1 млн $**

- Цитоматрица құрылымын талдау
- Жасуша ішіндегі клеткалық процестерді сараптау
- Қатерлі ісік жасушаларының биологиясын зерттеу
- Биомедициналық ғылымды дамыту






«ZTE» ЗЕРТХАНАСЫ

- Ультражылдамдықты платформалар
- Көпжиілікті жүйелер
- ЖИ технологиялары
- Кеңжолақты антенналар






«BASF MINING SOLUTIONS» ЗЕРТХАНАСЫ

- Тау-кен өнеркәсібін флотациялық зерттеу
- Гидрометаллургиялық процестерді оңтайландыру
- Өнеркәсіптік реагенттерді сынақтан өткізу






ҰШҚЫШСЫЗ ҰШУ АППАРАТЫН (ДРОН) ӘЗІРЛЕУ ЦЕХЫ

Инвестиция – **13,8 млн $**

- Конструкторлық және инженерлік аймақ
- Жинақтау және интеграция аймағы
- Бағдарламалық зертхана
- Тестілеу және симуляция аймағы





ДЕМЕУШІЛЕР ИНВЕСТИЦИЯСЫ

- Оқу аудиторияларын жабдықтау – **257 мың $**
- Автобус қайтарымсыз сыйға берілді – **174 мың $**
- Аумақты абаттандыру (брусчатка төсеу) – **1,5 млн $**





ИНВЕСТОРЛЫҚ ҚОЛДАУ

- Стадионды қайта жаңарту – **1,77 млн $**





13.12.2025 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ» НАНОСПУТНИГІ 530 КМ БИІКТІКТЕГІ ОРБИТАҒА ҰШЫРЫЛДЫ






КҮН ПАНЕЛЬДЕРІ ОРНАТЫЛДЫ

- Сегіз факультеттің ғимараты күн панельдерімен жабдықталды.
- Энергия өндіру станциясы келісім шеңберінде Қытай тарапымен бірлесіп 20 мың шаршы метр аумаққа салынды.
- Болашақта ҚазҰУ қалашығындағы барлық факультеттер мен жатақханалар күн панельдерімен қамтамасыз етіледі.





УНИВЕРСИТЕТ ҚАРЖЫСЫ ЕСЕБІНЕН

- Инфрақұрылымды жаңғырту – **8,2 млн $**



ҚазҰУ-дағы жөндеу жұмыстары

ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ҚазҰУ-дың брендтік киімдері















Университет аумағындағы жаңа мүсіндік композициялар











Ұлы философ, ағартушы-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби ескерткіші қайта жөнделіп, жаңартылды

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №1550

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.